

## Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілерге мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2004 жылғы 21 қазандағы N 414 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3210. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 217 Бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2009.12.04 № 217 бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 6-тармағын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 248-е өкімін орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілерге мониторинг жүргізу ережесін бекітілсін.

2. Сәulet-құрылыш бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы:

осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты салалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. "Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілерге мониторинг жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Құрылыш істері жөніндегі комитеті төрағасының 2004 жылғы 16 маусымдағы N 276 бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары А.Ұ. Қармановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

### **Төраға**

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және сауда министрлігінің  
Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық істері комитеті төрағасының

**Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген)  
объектілерге мониторинг жүргізу**  
**ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілерге мониторинг жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілердің мониторингі (бұдан әрі - мониторинг) объектілердің құрылышына бақылау жүргіzetін бірынғай республикалық жүйе болып табылады және ақпараттар жинайды, олардың жай-күйін және сәulet, қала құрылышы мен құрылыш қызметінің объектілерінің өзгерісін талдайды, бағалайды әрі болжайды.

**3. Мониторингті:**

1) Сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган);

2) Уәкілетті органның облыстар мен Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық сәulet-құрылыш бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармалары (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) жүзеге асырады.

4. Заңның 33-бабына сәйкес аумақтық бөлімшелердің сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметінің субъектілерінен осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілер жөніндегі ақпаратты сұрауға құқығы бар.

Аумақтық бөлімшелер өз кезегінде мониторинг бойынша Уәкілетті органға ұдайы есеп беріп отырады.

**2. Мониторингтің негізгі мақсаты және міндеттері**

5. Салынып жатқан (салынбақшы болып белгіленген) объектілердің мониторингі сәulet-құрылыш бақылауын жүргізу, құрылыш сапасы, экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау үшін заңнамалармен және өзге де мемлекеттік нормативтермен бекітілген нормалар мен талаптарды сақтауды қамтамасыз ету, қауіпті (зиянды) табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің алдын алу, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тарихи, мәдени құндылықтар деп танылған аумақтар мен объектілерді сақтау жолымен

халықтың өмір сүруі мен тіршілік етуіне қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыруға қатысу мақсатында жүзеге асырылады.

## 6 . М ы н а л а р :

1) сәулеттік келбетті жақсартуға, құрастырмалардың, инженерлік жүйелер мен технологиялық жабдықтардың төзімділігі мен сенімділігін, пайдаланған кезде салынған объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталып жасалған жобалау құжаттамасын жетілдіру және сапасын арттыру бойынша жобалау үйымдарының қызметі;

2) құрылыш материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісінің саласында шығарылған құрылыш өнімдерінің сапасы;

3) қызметкерлердің біліктілігі және өндірістік қуат, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік үйымдардың жабдықталуы;

4) объектілер мен кешендерде жүргізілген құрылыш-монтаж жұмыстарының сапасы туралы ақпараттарды жинау және талдау үшін мониторинг жүргізіледі.

7. Жоспарланған құрылыш, құрылыш алаңының жай-күйі, құрылыш-монтаж жұмыстарының және қолданылатын құрылыш материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының сапасын жақсартуға бағытталған шаралар туралы деректерді жинау және талдау мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) өнірлер шегінде құрылыш индустріясы базасының дамуын болжау;

2) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында қолданылып жүрген заңнамаларды, құрылыш нормалары мен ережелерін және өзге де мемлекеттік нормативтерді бұза отырып салынған объектілерді анықтау;

3) өз еркімен объектілерді салу, сапасыз құрылыш материалдарын шығару, төзімділігі мен беріктігі бойынша сапа сертификаты жоқ немесе зертханалық сынақтан өтпеген құрылыш материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын пайдалану фактілері бойынша әкімшілік шаралар қолдану үшін материалдар да ындау ;

4) мониторингтің қорытындылары бойынша республикалық және өніраалық кеңес үйымдастыру әрі өткізу, ақпараттық-талдамалық жұмыстар материалдарын баспасөздө жарайлау ;

5) мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын мамандар үшін біліктілікті жетілдіру курстарын үйымдастыру;

6) құрылыш саласын дамыту мәселелері, салынып жатқан объектілердің ағымдағы сапасы бойынша халықты және мемлекеттік басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету.

## 3. Мониторинг жүргізу

8. Құрылымдың объектілеріндегі құрылым-монтаж жұмыстарының, қолданылатын құрылымдың материалдарының сапасына тексеру жүргізе отырып, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қалаларды (аудандарды) дамытудың бас жоспарларының шешімдерін сақтай отырып, мониторинг бойынша аумақтық бөлімшелер есеп береді.

9. Объектілерге мониторинг жүргізетін мемлекеттік сәulet-құрылым инспекциясы өкілдерінің заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті сәulet және қала құрылымы органдарынан, тапсырыс берушілерден, мердігерлік және жобалау ұйымдарынан объектілерді орналастыру мәселелері, құны және қаржыландыру көздері бойынша ақпараттар мен материалдарды, атқарушы және техникалық құжаттамаларды талап етуге құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК